“ORLE” ЖШС “Өрлеу” жеке балабақшаның
2025-2026 оқу жылының үй жағдайында мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-аналарына педагогикалық-психологиялық кеңес беру пункттің атқарған жұмыстар туралы есебі.

Баланы тәрбиелеудің алғашқы негізі отбасында қаланып, бөбекжайда әрі қарай жалғасын табады. Сондықтанда баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беруде отбасы мен бөбекжайдың бірлескен өзара тығыз байланыста, яғни ынтымақтаста болуы маңызды. Отбасымен педагогикалық ынтымақтастық —орнату, ата–аналардың сұраныстарын толық қанағаттандыру мақсатында, бөбекжайға бармайтын балалар және олардың ата-аналарына арналған кеңес беру пункті ұйымдастырылып, жыл бойына жоспар бойынша қызмет атқарылды.

Кеңес беру пункт қызметін меңгеруші, әдіскер, педагог-психолог, медбике, педагог мамандар тартылып міндеттері белгіленді. Кеңес беру пунктінің жұмысы —педагогикалық, медициналық сауықтыру, психологиялық педагогикалық бағыттарын қамтиды.

2025–2026 оқу жылына арналған кеңес беру пунктінің жұмыс жоспары бекітілді. Ата–аналарға арналған «Баланың бас ұстазы ата–анасы», «Баланы бөбекжайға бейімдеу жолдары», «Балаңыз бөбекжайға дайын ба?» педагогикалық–психологиялық кеңестер берілді. «Ас–адамның арқауы», «Отбасында бала өмірінің қауіпсіздігін сақтау» «Бөбекжайдағы музыкалық тәрбиенің маңызы», «Дені саудың жаны сау», «Баланың сөйлеу тілін дамыту» түсіндірме, кеңес беру бағытында бөбекжай медбикесінің, педагог мамандардың жұмыстары жүргізіліп, қорытындыланды.

Мамандардың ұйымдастыруымен балаларға «Біздің бөбекжай» атты бөбекжай ішіне саяхаттау ұйымдастырылды. Балалар ата–аналарымен бірге бөбекжайдың әр топтарына, мамандар кабинеттеріне, медбике, музыка залына ойын бөлмесі т. б саяхат жасайды.

Ата-аналарға жыл бойына бөбекжайдың тіршілігі, баланы бөбекжайға бейімдеу жолдары, бала өмірі, қауіпсіздік шаралары туралы мәлімет кеңестер берілді.